



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



## Мемлекет басшысы касіпкерлерді әлеуметтік жауапкершілікке шақырды

Президент «Ақорда» резиденциясында еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен кездесу өткізілді, деп хабарлайды Егемен.kz.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетті одан әрі дамыту жолындағы отандық кәсіпкерліктең рөлін талқылау үргінгі іс-шараның негізгі мақсаты екенін атап өтті.

– Қазақстан халқына Жолдаудың экономикалық саясатының негізгі мақсаты – бүкіл еліміздің әл-ауқатын сапалы және инклюзивті түрде жақсарту ісі өзгермейтінін ерекше атап өттім. Бұл мақсатқа еркін әрі тиімді нарықтық экономика құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мемлекеттің экономикадағы жетекші рөлі, әсіресе мемлекеттің бизнес ісінә араласуы келмеске кетеді және солай болуға тиіс. Мемлекеттің міндепті – заңға бағынатын бизнеске ел ішінде де, халықаралық нарықта да қолдана көрсету, – деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, экономиканы монополиядан арылту және жаңа нарықтар ашу жұмыстары жалғасады.

– Бәсекелестік жағдайы тәсіестірледі. Енді қандай да бір тұлғаға басымдықтар берілмейді. Үкіметтегі байланыстары мен оның тарапынан жасалатын қамқорлықта қарамастан, Қазақстанда адап бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл – негізгі ұстаным. Біз шағын және орта бизнесі дамытамыз. Кәсіпкерлердің жаңа буынын есірге, жаңа идеялар мен ой-пікірлерді қолдауға баса мән береміз. Сонымен қатар мемлекет ірі, қалыптасқан бизнесі қолдаудан бас тартпайды. Бұл туралы жоғарыда айттып өттім. Керінше, біз, ең алдымен, сіздерді Әділетті Қазақстан құруға белсене атсалысуга шашырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес өкілдеріне осы мақсаттарға жету үшін бірқатар

шешім қабылданатынын жеткізді. Атап айтқанда, салық саясаты мен салық әкімшілігі түбебейлі қайта қаралады.

– 2024 жылы жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Оны әзірлеуге бизнес тікелей қатысады. Бұл – менің Үкіметке берген тапсырмам. 2024 жылдан «басынан бастап реттеу» жүйесі іске қосылады. Бұл бизнесі артық әкімшілік қысымнан босатады. Мемлекеттік сатын алу тәсілдері мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі толығымен қайта қаралып, жер қойнау-

ын пайдалану жөніндегі заңнама жетілдіріледі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ірі бизнес өкілдерін қоғамды толғандыратын әлеуметтік мәселелерді шешуде шет қалмауға шақырды.

– Адами капиталға, атап айтқанда, заманауи бала-бақшалар, жайлы мектептер, ауруханалар, іргелі университеттер салуға, туризмді да-мытуға инвестиция құю да маңызды. Сіздер қайырылышың істер жасауды жалғастыра беретіндеріңізге сенімдіміз. Қазір елімізде мектептердің, студенттер жатақхана-ларының, жастағра арналған спорт ғимараттарының тапшылығы сезіледі. Сіздердің көмектеріңіз ел үшін еле-үлі болар еді, – деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы билік пен бизнес арасындағы конструктивті ди-алогты жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

## ӨРТ СОНДІРУШІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТЕК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградату туралы Жарлығы жарияланды, деп хабарлайды Егемен.kz. Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасас.

### «ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қызыметтік борышын атқару үстінде көрсеткен ерлігі мен жаңиярлықты үшін наградаласын:

Төтенше жағдайлар министрлігі бойынша III дәрежелі «Айбын» орденімен:

Тогызаев Айdos Ерұланұлы (марқұм) – Абай облысы Төтенше жағдайлар департаменті өrt сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 14 өrt сөндіру бөлімінің жүргізушісі;

Тұрлыбеков Амангелді Айтмұхашұлы-Абай облысы Төтенше жағдайлар департаменті өrt сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 14 өrt сөндіру бөлімінің бөлімші командири;

«Ерлігі үшін» медалімен:

Нұрлан Сәлімжан - Абай облысы Төтенше жағдайлар департаменті өrt сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі № 14 өrt сөндіру бөлімінің өrt сөндірушісі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 10 қыркүйек № 1003», дөлінген құжатта.

## Бюджетке 45,1 млрд теңге өндірілді

Қытаймен көдендік шекарада тәртіп орнатуға қатысты Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында жүргізілген тексерулер нәтижесінде үргінгі таңда 10 уәкілдегі экономикалық оператордан бюджетке 45,1 млрд теңге өндірілді. Бұл туралы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті хабарлады.

2022 жылдың ақпан-мамыр айларында мемлекеттік кірістер органдары 10 уәкілдегі экономикалық операторға қатысты жоспардан тыс көшпелі көдендік тексерулер жүргізген болатын.

Көдендік тексеру нәтижелері бойынша 107,7 млрд теңге мөлшерінде көдендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар қосынша есептелді. Уәкілдегі экономикалық оператор тауарлардың көдендік құнын дұрыс төмендетіп көрсету арқылы көдендік



төлемдер мен салықтарды төлеуден жалтармақ болған.

Анықталған бұзушылық фактілері бойынша мемлекеттік кірістер органдары прокуратура және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарымен бірлесіп мемлекет бюджетіне 45,1 млрд теңге мөлшерінде көдендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар сомасын өндіріп алды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік кірістер органдары уәкілдегі экономикалық операторларға және көдендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша ортақ міндет атқарытын көден өкілдеріне қатысты берешекті өндіріп алу шараларын қабылдау бойынша жұмысты жалғастыруды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

# Еңбек шарттарын есепке алу



Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс запында ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне электрондық тіркеу бойынша Шолаққорған, Жартытебе ауыл округі әкімдерінің жұмысындағы кемшіліктеді жоюды тапсырды. Еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының жұмыспен қамту саласындағы бақылау бөлімінің басшысы Мұрат Төлендиев, ҚР Еңбек кодексінің талабына сәйкес, жұмыс істейтін жұмыскерлерінің Еңбек шарттарын жүйеге тіркеу қажеттігіне тоқталып, Еңбек заңнамасының талабын сақтауға шақырды.

Етті.

Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Түркістан облысы бойынша Еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының жұмыспен қамту саласындағы бақылау бөлімінің басшысы Мұрат Төлендиев, ҚР Еңбек кодексінің талабына сәйкес, жұмыс істейтін жұмыскерлерінің Еңбек шарттарын жүйеге тіркеу қажеттігіне тоқталып, Еңбек заңнамасының талабын сақтауға шақырды.

# Қоғамдық қабылдау отті

«AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Елдос Орынбасарұлы мен аудандық мәслихат депутаты, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Олжас Төлепбергенұлы аудан тұрғындарын қабылдады. Ұйымдастырылған қоғамдық қабылдауға келген тұрғындар жеке бастарына қатысты жұмыспен қамту, әлеуметтік көмек көрсету бойынша маселелерін айтып бөлісті. Мәселеңінде мән-жайна құлақ түріп, көмек сұрай келген тұрғындарына демеушілерді тарта отырып қажетті көмек көрсетілетінін айттып, қосымша сұрақтар бойынша заңға сәйкес көңестер берілді.



# Ел есімін ұмытпайды

Аудан орталығы Шолаққорған ауылында көрнекті қаламгер, тарихшы-шежіреші, Еңбек ардагері, Созақ ауданының құрметті азаматы Есіркел Өмірбековтың есімі берілген көшеде мемориал ашылды. Теріскеі елінің ардақты абызына арналған шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қатысып, жылы лебізін білдірді.

- Саналы ғұмырын туған жердің тарихын түгелдеуге арнаған ардақты жанның өнегелі өмірі біздің жадымызыда. Барша жиналғандарға алғыс айттып, иғі іске ұйытқы болған ұрпақтарына шекіз ризашылығымды білдіремін, - деді аудан басшысы.



Сондай-ақ, аудандық ардагерлер көңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Еңбек ардагері Өсербай Берғазиев тағылымды естеліктерін жеткізді. Лента қылылып, мемориал салтанатты түрде ашылды. Абызыдың рухына құран бағышталды.

Есіркел Өмірбеков 1920 жылы Түркістан уезінің Сарыөзек болысына қарасты Қаратая ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Шолаққорғандағы жетіжайлдықты бітіріп, 1941 жылы Түркістандағы педучилищеңін, 1956 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жаһындағы партия мектебін, 1959 жылы жоғары партия мектебін тәмамдады.

Еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған қаламгер 1942 жылы Созақ аудандық «Социалды шаруа» газетінің редакторы болды. Бар ғұмырын шығарма-шылыққа арнап, ұрпаққа өшпес құнды дүниелер қалдырыды.

**Бетті дайындаған: Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ.**

нің басшысы Мұрат Төлендиев, ауыл, кент округ әкімдері мен бөлім басшылары қатысты.

Жиынды жүргізген аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне электрондық тіркеу бойынша Шолаққорған, Жартытебе ауыл округі әкімдерінің жұмысындағы кемшіліктеді жоюды тапсырды. Еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының жұмыспен қамту саласындағы бақылау бөлімінің басшысы Мұрат Төлендиев, ҚР Еңбек кодексінің талабына сәйкес, жұмыс істейтін жұмыскерлерінің Еңбек шарттарын жүйеге тіркеу қажеттігіне тоқталып, Еңбек заңнамасының талабын сақтауға шақырды.



# Мемлекет басшысының Жолдауын талқылады

Аудан әкімдігінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауын талқылаған жынын өтті.

Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан прокурорының орынбасары, әділет кеңесшісі Алмас Жағыппаров, ауыл округ әкімдері мен бөлім басшылары қатысты.

-Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауын жариялап, реформалардың нақты 5 бағдарын айшықтап берді. Халықтың әл ауқытын көтеруге бағытталған Жолдауды басшылықта алып, алдағы уақытта белсенді жұмыс жүргіземіз,- деген аудан басшысы биылғы Жолдауда кәсіпкерлерге 2,5 пайызбен несие беру, 18 жасқа дейінгі балаға ұлтық қордан инвестициялық табыс төлеу, әйелдердің зейнет жасын 61 жасқа дейін қалдыру, төменгі жалақыны 70 мың теңге деп белгілеу сынды бағыттары көптің көnlінен шыққанын атап өтті.

Ауыл кент округтері мен бөлімдерге Жолдаудағы тапсырмаларды орындау үшін жүйелі түрде жүктелген міндеттерді орындауды тапсырды.



# ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Созақ аудандық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскері Айдана Әбілдаеваның ұйымдастыруымен «Ұлтын ұлыштаған ұлы тұлға» атты Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына 150 жыл толуына орай іс-шара өткізілді.

Іс-шараға Созақ №1 Колледжінің кітапханашысы Айтмұрақзызы Тіллә және колледж студенттері қатысты.

Іс-шара барысында студенттер ұлы ғалымының ғылыми Еңбектері мен әдеби мұралары, сондай-ақ өмір жолы туралы сөз сөйлем, өлеңдерін оқыды. Ахмет Байтұрсынов туралы көңірек әңгіме айттып, тың деректерімен беліскен Созақ №1 Колледж кітапханашысы Айтмұрақзызы Тіллә Алаш кесеміне арнап көрмесін ұйымдастырып, балаларға таныстыруды жұмысын жасады.

# Бірлік бар жерде-тірлік бар

Аудандағы «Бақ-Нұры» ісқер әйелдер қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, бірлестіктің белсенді мүшесі Рабига Отыншиева-ның демеушілігімен үй шаруасындағы, жұмыссыз отырган алты әйел бірін өз кәсіптерін ашты. Яғни қолынан марина-надталған банка жабу келетін әйел аналар. Бірлестіктің белсенді мүшесі Рабига

кен шығындар есептеліп, әйелдер өздеріне Еңбек акы белгілейді. Бұл шағын тірлік, алайда алты әйел күнделікті табыс табады. Отбасына береке кіреді. Алдағы уақытта осы әйелдердің әр қайсысы жеке-жеке тамақ өнімдерінен өз ашуға, кәсіп ашуға идетті.

Бірлестіктің басты мақсаты қолынан іс келетін қыз келиншектерге, әйелдерге өз



Отыншиева жеке иелігіндегі жайдан орын беріп, қазан ошақ, отын-су, ыдыстармен қамтып жұмыссыз отырган көліншектерге жұмыс көзін ашты. Айта кету керек санитариялық тазалық, заласыздандыру, өнімдердің сапасын қадағалайтын арапарында маман да бар. Сонымен қыздарымыз бүгінгі таңға 1000-ға жуық түрлі банкаларды жауып үлгерді. Тосаптар, түрлі салаттар, маринадталған қия, помидор, қырыққабат сынды өнімдер. Бұл жаылған банкалар сатылымға шығарылады. Айналымға кет-

ісін бастауға демеу беріп, ықпал жасау. Бірлестік бұдан бұрында бірнеше әйелдің өз кәсібін ашып кетулеріне көмек қолдарын берген. Бүгіндегі олар нан, тәтті өнімдер цехын, тігін цехтарын ашып өзгөн Еңбекпен қамтып отыр. Басты мәселе жоққа басты ғылыми жағдайда жасалып, өзегеге алақан жаймау.

Аналарымыздың алтын қолынан шыққан өнімдер көпшіліктің өнімдерін шығарып сөзсіз. Аналарға қолдау білдірійік. Еңбектері жансын.

## Хабарландыру

### Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне!

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2022 жылдың 14 қыркүйек күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады.

1. Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 жетекшілік №63 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімінің жобасы.

2. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 14 қыркүйек күні сағат 9:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

Аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы: М.Сапаров.



## Біз Қостанаймен біргеміз!

Қостанайда орын алған төтенше жағдай бүкіл елдің қабырғасын қайыстырып, жүректерінә әсер еткені сөзсіз. Тілсіз жау бейқам тіршілігін жасап отырган елді бір ақ сәтте келенсіз жағдайға ұшыратты. Алай дүлей жел өртті өршүйне өз үлесін қосқандай болды. Аллаға шүкір ерт сөндірілді. Дегенмен түгелдей жаңып кеткен елдімекен, үйлер, шарашылықтар үлкен қатер. Алда күніренген күз,

қақарлы қыс тұр. Үйсіз, күйсіз, киім-кешексіз қалған ағайындарымызға елдігімізді білдіру мақсатында аудандығы «Бақ-Нұры» іскер айелдер қоғамдық бірлестігінң белсенді мүшелері қаржылай жинап, азық-түлік, киім-кешек, басқа да тұрмыстық қажетті заттармен көмек қолдарын созды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, мұндай табиғи қауіп-көрсеткендегі сақтасын!

## Семинар-тренинг өтті

11 қыркүйек – Отбасы күніне орай аудандық «Жастар ресурстарынан орталығы» КММ-нің психологиясы Ұйымдастыруымен Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінде «Жанxя бақыты» атты семинар-тренинг өткізілді.

Семинарга аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары, аудандық әжелер алқасының төрайымы Маруа



Қайыржанова, аудандық полиция бөлімінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Манапова Айжан Қалмаханқызы және Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің оқушылары қатысты.

Тренингтің мақсаты ата-ананың бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы туралы оқушыларға отбасының маңыздылығы туралы түсініктер беру және отбасы туралы құндылықтарды жетік мәнгертуге үлес қосу.

Тренингке барлық қатысушылар белсene қатысып, оқушылар отбасы жайында өз ойларын толық жеткізе алды.

Шара барысында түрлі сұрақтар қойылып, қызықты психологиялық тренингтер мен отбасы жағдайындағы зорлық-зомбылыққа байланысты бейнеролик көрсетілді.

**«Созақ үні»-акпарат.**

## «Мектепке жол» акциясы



Ұжымы «Мектепке жол – шекісіз жақсылық» ұранымен өткізіліп жатқан акцияға қатысты.

Атамыш акция аясында Құмкент ауылдық округіндегі Қ.Сәтбаев және М.Әуезов атындағы жалпы орта мектептеріндегі аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен ата-анасының қамқорлығының қалған жалпы саны 55 балага арналған сөмкелер мен мектеп құрал-жабдықтарын табысады.

«АППАК» ЖШС қызметкерлері және Құмкент ауылдық округінің әкімі Гани

## Бар мейірім - балаларға

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау қорсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биылғы жылда жалғасын тауып, еліміздің барлық өңірлерінде өткізіліп жатқаны белгілі.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық үақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушы-

ларға қолдау қорсету; балалың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек қорсету болып табылады.

Осы орайда еткен аптада аудандымызда орналасқан уран өндіруші компаниялардың бірі «АППАК» ЖШС

Пардабекұлы атаптада білім ордаларына барып, оқушылармен кездесіп, сөмкелер мен оқу құрал-жабдықтарын табыстал, алдағы оқу жылына сәттілік тіледі.

Ал, оқушылардың ата-аналары демеушілік жасап, қолдау қорсетіп отырган «АППАК» ЖШС ұжымына, басшыларына үлкен алғыстарын айтты.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

## Тарихи-тәнімдік апталық



10 қыркүйек - С.Қожановтың туған күні. Осыған орай С.Қожанов атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Ғұмыр-ғибрат» атты тарихи-тәнімдік апталық етті.

Сұлтанбек Қожанов – XX ғасырдағы Қазақстан мен Орталық Азияның көрнекті қоғам қайраткері. Ұстаз, фалым, публицист қай сала-да болса да, бірінши кезекте ойлағаны ұлттық мүдде еді. Ол үшін ымырасыз күресті. Еңбекшіл қалқымен жақсы байланыс ұстап, экономика-

лық, әлеуметтік, мәдениет мәселелерін шешуге тырысқан.

Замандасты Н.Оңдасынов: «Халық жауы» болған жоқ, қайта өз халқының жарқын болашағы үшін күресті, сол үшін жазықты болды, сол үшін шыбын жаңын құрбан-даққа қиды. Қазақ елінің тұтастыры, тәуелсіздігі жолында тер төккен тұлға еді. Қазақ халқы атынан сөйлемеген, жұрттың жоғын жоқтаган арлы да алғыр азамат болатын», -дейді.

Ал Б.Қойшыбаев: «Қожа-

нов ақынат алдында ардақталуға әбден лайық тұлға. Оның өмір жолы, көзқарасы, ұстанымы бүгінгі таңда да ескірген жоқ, ол қазір де сан мың ескелен үрлак үшін – Тәуелсіздік мұртына қызмет етудің тамаша да көрнекті үлгісі бола алады. Рухы күшті, биік азamat. Оны тарих тұғырына көтеріп, мақтандыш ету – Тәуелсіздік күрескерлерінің қаіргі буыны үшін қарыз да, парыз да», -дей жазады.

Апталық аясында музейде «Ақсүмбенің Ақсұнқары» атты тарих сағаты, «Мен дағы өлең жазсам ұнамай ма...» атты қайраткердің әдеби мұрасын оқытуға арналған әдеби сағат үйимдастырылды. Аудан орталығындағы білім ордаларынан оқушылар көліп, тәнімдік сағатқа белсене қатысты.

Сұлтанбек Қожанұлы Қожанов Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданды Ақсүмбे ауылында дүниеге келген. Мемлекет және қоғам қайраткері, үстаз, фалым, публицист.

## Акбар Елубайұлы джиу-джитсудың екі түрінен Азия чемпионы атанды

Әзбекстан мемлекеттің Бұқара қаласында 8-11 қыркүйек аралығында джиу-джитсудан Азия чемпионаты етті. Айтұлы додаға қатысқан Акбар Елубайұлы қарсыластарынан басым түсіп, тұғыр биігінен көрінді.

Айта кетуіміз керек Акбар Елубайұлы қазан айында «Naiza» fighting championship көсіпкөй промушкінде өнер көрсетеді.



# Діни радикализмнің соңы білімнен алыстау

Білім алу-құндылығы өшпейтін құны алтынға бергісіз өміршеш қағида. Адамзат тарихына зер сала қарар болсақ, қашанда білімділердің аты осы күнге дейін өшпей өзіндік орнын тауып келеді. Осы күнгі озық технологиялардыңда қарыштап дамуына тек білім мен фана қол жеткізіп отырганы мәлім. Адамзат баласы білімді болудын арқасында аспан есіктерін тауып, адамаяғы тимеген айға табан тіреуде. Ақыл – тозбайтын тон, білім сарқылмайтын – қазына деген нақыл сез осының айғары іспетті. М.Әуезовтың тілімен айтқанда «Елмен елді, адам мен адам де тенестірер нәрсе – білім».

Қазіргі таңда есітіп жатамыз «ғылыми яғни дүніяның білімді алудың керегі қанша? Бәрібірде ақыретте құлшылық, ғибадатымыздан сұрапалмыз» дегендей сөздерді. Ия рас ақырет әлемінде әуелі құлшылығыңан, сұрапатындығың ақиқат. Бірақ осылай екен деп дінді ғана оқып құлшылықпен ғана айналысып ғылымды ысырып қоюға аste болмаса көрекti. Себебi Құран Қәrimde және хадис шәрифтерге ден қояр болсан жоғарыда айттып өткендей дүниелік білімнің не керегі бар? деген жандардың сөзі жаңсақ пікірde жүргендігін көз жеткіземіз. Құран қәrimнің алғашқы аяты «Алақ» сүресіде «Оқы!» «Сені жараптан Раббыңыңың аттымен Оқы!» деп білім алуға шақырумен басталады. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) хадис шәрифінде «Білім алу, тал бесіктен, жер бесікке дейін» деп, оқуға, ғылым үйренуге жол нұксайды. Осы жолды ұстанған алдыңыз дауірлерде өмір сүрген мұсылмандар ислам дінін бүкіл әлемге білімнің, ғылымның діні ретінде танытты. Олай дейтініміз ислам келмей тұрып Еуропа қандай болды, ислам келгеннен кейінгі Еуропа қандай болды. Ғылымның өркен жаюымен Ренесанс сәнс дәүірі деген атақта алды. Тіпті ислам діні келмей тұрып жаһилият дәуірі деген жаман атты алған Араб түбегінде адамның құқықтары сақталса бастады. Әсіресе қоғамдағы әйел адамның құқығын алпы берді. Яғни алғашқы заң жобасы қалыптаста бастады.

«Зұмәр» сүресінің 9-аятындағы «Білетіндер мен білмейтіндер тенбе?»

деп келетін аят жолдарының өзі білім алу шақырып тұр. Ал қоғамда жаппай сауатсыздық жайласа оның арты түрлі қылмысқа, бейберекетсіздікке алып келетіні ақиқат. Себебі оқымаған, білім алмаған адам қылмысқа, кім не айтса соған илантыш, сенгіш келеді. Құран Кәрім аяттарында ақылға салмай-сындарма, ойланбайсындарма, деп бірнеше жерде ақылға салу туралы аяттар келеді.

Соңғы жылдардың теріс діні бағыттың  
ұстануыш азamatтардың жақын туыстары ауырып хәл үстінде жатқанда емделуден, алғашқы көмек алудан бастартып «ауруды берген Алла, шипасында бередік деп қол құсырып, онын толмас өкінішке алып келіп жатқаны қазіргі қоғамда болып жатқан құбылысы. Бірақ дін осыған шақырама?! Жоқ, әсте ислам діні бұл нәрсеге шақырmasa керекті. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) хадис шәрифінде былай дейді: «Алла Тағала ауруды да, оның даусында берген. Эрбір ауруға бір даусында берген. Олай болса емделіңдер» - деп бұйырады. Еуропа оба мен шешкентен қырылып жатқанда шығыста аты куллай әлемге мәшһүр болған Ибн Синаның мұндай ауруларды емде жатты. Тіпті «Шифа» атты іргелі шипагерлік кітабы Еуропа кітапханаларында 600 жылдан өзінің құндылығын жоғалттай қоқытылды. Яғни алма піс, аузына туыс деп отыру мұсылмандарға жарасласа іс.

Отыры мұсылманға жарасылға.  
Қазіргі қоғамда ашы да болса болып жатқан оқиғаның бірі өздерін мұсылман санап қыз балаларын мектепті бітіре салсызымен ЖОО оқуына қарсы болып тұрмысқа беріп жіберулері. Әрине өз баласы болған соң өзі білер. Бірақ, бұл дегеніміз бір адамның оқуына, әмірді жан-жақты танып білуіне келдергі жасауда. Ал осы тұрасында Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) хадисінде: «Білім алу әрбір мұсылман еркекке де, әйелгеде парызы» - деген екен. Дінді бір жақты тусяніп алып тек менікі дұрыс деген ойдан аулақ болған жөн. Сирия-дағы қақтығыс аймақтарына жиһад ұранымен кейір намазхан бауырлардың алданып кетуіне де осы білімсіздік кінәлі. Себебі «жіһад» дегенді тек көпірлере қарсы соғысу деп тустанған. Ал шындығында жиһад дегеніміз тек өзінде

нәспіңмен күресу ғана екендігін білмеген. Ал жиһад жариялау үшін ел басшысы және мұфтидің пәтүесімен ғана болатыны ойна да кіріп шықпаған.

Соңы уақыттары дінде жүрген, өздерін мұсылманбыз деп жүрген көптеген бауырларымыздың сезіне қарап тұрсаң «жер тегіс, жер күнді емес, күн жерді айналады» - деп ұстаздарымыз айтқан деген секілді сездерді естіп жаттымыз. Ал шындығында дін қалай дейді бұл туралы. Бұл мәселеде ислам келмей тұрып ежелгі грек философтары Пифагор, Аристотель сияқты ойшылдар жердің домалақ екендігін айттып кеткен болатын. Бертін келе астрономия ғылымына байланысты 45-жылдық іргелі ғылыми еңбек жазған әл-Бируни математикалық жолмен есептеп жердің домалақ шар тәріздес екенін айттып кеткен болатын. Кейін келе 500 жыл өткен соң италиян ғалымы Г.Галилей аспаптың көмегімен жердің формасы домалақ деген шешімге келген. Осы тұста Құран Қәрімнің «Назигат» сүресінің 30 аятында: «Одан соң жерді түйеқұстың жұмыртқасына сияқты етті»-дейді. Яғни жердің формасы домалақ шар тәріздес деген сез. Бұл бір талқылауды, пікірталасуды қажет етпейтін мәселе еди. Бірақта жер домалақ болатын болса, ақыры жер айналатын болса неге кеш батқан кезде біз аспаннан салбырап қалмаймыз деп жүргенде барышылқ әрамызыда. Яғни бұл намазхан, мұсылман бауырларымыздың тек дінде фана емес ғылымнан да мақұрым қалғандығының көрінісі.

Көркөндейдегі көмекшілікке жаңы мүнисипалитеттің тәуелсіздігін анықтауда олардың орындарынан шығып, әзірлеушілікке қарастырылған болғанымыз мұсылман адам дін мен тылымды қатар алып журуі қажет. Жок, маған дүниелік тылымды үйреніп не керек, бәрібір де ақыреттеп пайдасы жоқ деген пікірден алыс жүрген абзап. Қазіргі тылым саласында пәндер оқыларды (математика, география, биология, психология, социология) мұсылман ғалымдары алғаш болып ашып, зерттеп белгілі бір тылым саласы ре-тінде дамытты. Бірақ, сол заманда қатар әмір сурген дін ғұламалары оларды діннен шықтың, ширк, билғат деп айыптаады. Тіпті Орта Азиядағы медреселерде де аты аталаған пәндерша-

риғат заңымен қатар оқытылғандыры ақиқат. Қазіргі күнде атын ардақтап жүрген Алаш арыстары да сол медреселерде оқып, шарифат заңымен қоса дүниелік ғылымды да қатар мәнгеріп шығып халыққа қызмет еткени, сол мекептеген окульптардынан белгілі.

Қазіргі ғылымның әртүрлі саласында қолданылып жүргөн көптеген технологиялар Құран Қәрімде ишара түрінде айтылған. Мәселен доктилоскопия, аспаннның жеті қабаттан тұратынын, боялашақта адам баласының гарышты бағындыратындығы жайында ишаралар білдірілген. Ең бастысы Құран «Оқы» дег басталды. Қазіргі таңда да оқу, білім, ғылым сөздері өзінің құндылығын жоймай келеді. Ғылымның әртүрлі салаларында адам ігілігі үшін күн сайын жағалықтар ашылуда. Алла Тағала Құран Қәрімнің аяттарында «ойланбайсындарма, ақыл індері үшін жаратылыстарда гибраттар бар» -деп адамзатты білім-ғылымға шақыруда. Ат үстінде жүріп, ұлан байтақ даланы қорғап, осы күнге мирас еткен бабала-рымызыда білімді бірінші орынға қоя білген. Кезінде Жириенше шешен Әз-Жәнібектің не өлмейді? деген сұрағына:

Галымның аты өлмейді,

Жазған хаты өлмейді деген екен.  
Хакім Абай өзінің жиырма бесінші  
қара сезінде «..... Құдайдан қорық,  
пенденед ұял, балаң бала болсын де-  
сек – оқыт, мал аяма!...» деп жалпы  
қазақтың оқуға, білім алуға үндейді.  
Қазақтың ағартушы ұстазы Ы.Алтын-  
сарин атамызыда өзінің өлең жолдарын:

**Бір Аллаға сыйынып**

Кел балалар оқылық деп – қазақ балаларына хрестоматия жазып, тек білім беруге, әрін танытуға ұмтылған. Яғни, тек мұхтасар ғылымхал немесе фінкі, хадис ілімін оқытпаған. Замана көшінен қалмай, алға ілгерілеу үшін – әуелі, білмек, танымақ керек. Білім қашанда болмасын ізгілік пен парасат-тылықтың символы ретінде қала бепері сөзсіз.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
**Түркістан облысының індік істері**  
**басқармасының «Дін мәселелерін**  
**зерттеу орталығы» КММ-нің тео-**  
**лог маманы.**

# Ауызбіршілік алтыннан да қымбат

елдің ауызбіршілікте өмір сүруі қаншалықты қын шаруа егенін тұсінеміз.

шет елдің сарапшылары «Қазақстанды қақтығысқа қолайлы, яғни, конфликт қаупі жоғары аймаққа» жатқызған болатын. Әған себеп, «бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 130-қа жуық ұлт пен ұлысты, түрлі дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктерді тату-тәтті ұстап отыру оңай емес» деп ойлаған. Сонымен қатар, әлемдік тарих сахнасын зерделейтін болсақ, түрлі қақтығыстар мен тұрақсыздықтардың барлығы дерлік ұлттар мен діндер өкілдерінің арасындағы қарама-қайшылықтардан, өзара түсіністіктің жоқтығынан туындал, біз се-кілді мемлекеттер соғыс алғына айналып отырған. Мысалға айттар болсақ Ауганыстан, Таая Шығыс елдеріндегі мемлекеттердің тағдырын алға тартсак болады. Олардың пайымдауынша «бұл ел (Қазақстан) көп ұзамай-ақ өзара түсініспей, мемлекетті құлатып тынады» деп тұжырымдаған, «ұлттар лабораториясы» атандырып, ертеңімізге күмәнді болжам жасағанын ескерсек жөн. Бір шаңырақтың астында мұншама көпэтносты және көпконфессиялы

Рас, қайбір жылдары елі-міздің кейір аймақтарында бірқатар ұлтаралық шиеле-ністі жағдайлар түндағаны мәлім. Алайда, ол օқиғалар-дың барлығы жаман ұлт бол-майтынын, ел ішінде бір тен-тегі жүретінін көрсеткендей болды. Ұлтаралық сипатта өрбіген қайшылықты сол кез-дегі ішкі саяси жағдайға қауіп төндірген бірлі-жарым օқиға-орын алды. Дер кезінде мем-лекет тараپынан қажетті іс-шаралар қабылданбағанда, оның соңы неге апарып соға-тыны белгісіз еді. Бұл ұлтара-лық қақтығыстарға апарып соқпай, мұның барлығы дер кезінде ауыздықталып үлгер-ді. Өйткені, ел бірлігіне сын-тақысы келгендер ол օқиға-ларды өз мұдделеріне пайда-ланғысы келгені де жасырын емес. Бірлі-жарым ондай օқиға-ларды өз мұддесіне жұмыс-істектің келгендер қай уақыт-та та болады. Сондықтан, шиеленісті жағдайға жеткіз-бей, мәселені дер кезінде ау-ыздықтап отыру бүгінде ме-диациялық кабинеттердің міндетті десек те болады. Бұл шешімнің дұрыс болғанын уақыт дәлелдеп келеді. Ось орайда айта кетер жайт, еліміздің аумағындағы түрлі

Ұлт пен ұлыстардың ұзақ уақыт бойы түсіністікте өмір сүруі, үлкен қақтығыстарға бармауы, қоян-қолтық тіршілік кешіп, мамыражай өмір сүруіне бұл мемлекеттің түпкі иесі қазақ халқының қанында бар кеңпейілділігі мен сабырлы-салиқалылығы себеп болып отырганы елдің даму тарихына жіті қарап отырган кез келген сарапшы жоққа шығара алмасы анық. Сондықтан, халықаралық сарапшылар мұны көрініше, жоғары бағалап отыр.

Абай Құнанбайұлы өзінің қара сезінде: «Қазақ ойлайды: бірлік-ой ортақ, ас ортақ, киим ортақ болса екен дейді. Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік-ақылға бірлік, малға ортақтық өмес, малыңды беріп отырсан, атасы басқа, діні басқалар, күні басқалар да жалданып, бірлік қылады. Бірлік сатылса-антұргандықтың басы осы», -деген. Ия, татулығымыз- ортақ болса, ойақтылымызда, бірлігімізде ешқандай алтынға сатылмасын. Өйткені елдің ауызбіршілігі алтыннанда қымбат!

Сәзімізді қорытындылай келе бірде сахабалар ардақты Елшімен (с.а.с.) сұхбаттасып отырған шакта, сахабалар-

дың бірі: «Уа, Алланың Елшісі, Аллаға дұға жасағанда көбіне нені сұрайық?», -деп сұрақ қояды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): «Алла Тағаладан ауызбіршілік пен тыныштықты сұрандар», -деп жауап қайтарған. Бірлік орнаған мекен үстінен ауызбіршілік сұрап дұға ету-бейбітшіліктің тұрақты жалғасуына кепіл болмақ. Жалпы біздің экономикамыз, табыстарымыз, өркендеуіміз, болашақымыз, сайып келгендеге, тағдырдың жазуымен құтты Қазақстан жерін мекендерген халықтар арасындағы қарым-қатынастасы достық пен бірлікке толыымен байланысты. Сондықтан біздің әрқайсымыз Қазақстанның дамуына өз үлесімізді қосуға ұмтылуымыз керек. Әсіресе, бұл бағытта жастарды тәрбиелеу қажет. «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Құшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істей керек», -деп Ахмет Байтұсынұлы сөзімен аяқтағым келеді.

## **А.ДҮЙСЕН,** **Түркістан облысының дін** **істері басқармасы «Дін** **мәселелерін зерттеу ор-** **талығы» КММ теолог ма-**



Жұырда ауданымызға Қазақстан Республикасының Журналистер және Жазушылар Одағының Түркістан облысы бойынша филиалданының терағалары Галымжан Елшібай мен Айдар Сейдазымдар бастаған делегация келді. Делегация құрамында елімізге және облысмызызға таныимал жас ақындар мен жазушылар да болды. Негізінен, екі бірдей Одақ басшысының Созақ жеріне сапары әуелі ауданымыздың әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының шақырытуымен, кейін, әрітесіміз Майусова Нұржамал Ебілжанқызының ұйымдастыруымен жүзеге асқан болатын. Бұл делегацияның мақсаты: біріншіден, тектілерге тұрақ болған Теріскей жері мен сырлы Созақ елін арапал,



Қаңтар оқиғасы соның жарқын көрінісі. Егер, осы отыз жылдың ішінде бізде зиялды қауым болса, елдің егемен ел боламыз, еңсөлі мемлекет боламыз деген арманы ертеңі боп, Ески Қазақстанның есігінде жүрмес едік. Есі ауысып, ерен уақыттан соң есін жиған елге ұқсан: «Жаңа Қазақстанды; Екінші Республиканы; Ашық әрі Жариялы қоғамды құрамыз!». «Отыз жылда халқымыздың қазынасы 162 олигархтың қолында боп келіпті!» - деп айдан келгендей болып жүрмес едік!

# Созакқа Одак төрағалары көлді

киелі, әулиелі жерлерін аралап, зиярат ету еді. Екіншіден, Қазақстан Журналистер Одағы құрылғалы бері бірде –бір рет Созақ топырағына келіп, мұндағы шығармашылық өкілдерімен кездесу өткізбегенге ұксайды. Міне, осы бір олқылықтың орынын толтыру және жаңадан құрылып жатқан қазақстандық қоғамға бір қатқымыз болсын деген ізгі ниеттен туған иғи шара көрінеді. Сонымен, Созаққа Одақ келеді екен дегенді аудандық Журналистер Одағы мүшелеріне ортақ ватсап чаттан алдын-ала хабарланған біздер аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залына жиналдық. Облыстар және ауданнан келген шығармашылық өкілдерін, әр екі одақтың мүшелерін аудан әкімдігінің шкі саясат бөлімінің басшысы мен қызметкерлері күтіп алып, тиісті орындарына жайғастырып жатты. Соナン соң барып, мәжіліс залына ауданымыздың басшысы Мұхит Сексенбайхұлы мен Одақ басшылары Айдар Сейдазым және Фалымжан Елшібайлар енді.

Және Галымжан Елшебайлар енді.

Аудан және Одақ басшылары жиылған көпен амандасып, хал-жағдай сұрасып алған соң, әуелгі бол сөз алған Нұржамал Маюсова одақ мүшелеңдерінде келген меймандарды таныстырып, жиынның мақсатын екі ауыз сөзбен туғындырып. Мұнан әрі сөз алған Мұхит Сексенбайұлы жалпы көздесуге қатысуышылардың барлығына «Хош көліпсіздер» деген мазмұндағы өзінің кіріспе сөзін арнады және әргі-бергі тарихтан ойқозғап, алдағы екі сағатта әтетін рухани басқосуға бағыт-бағдар берді. Аудан басшысынан соң сөз алған Қазақстан Республикасы Жазушылар және Журналистер Одағының тәрағалары Айдар Сейдазым мен Галымжан Елшебайлар бастаған жас ақын-жазушылар Созақ жерінен алған әсерлерімен белісіп, ел ішінде, облыста орын алып жатқан оқигаларға ойысты. Әр екі одақтың да бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстырып, алдағы атқарар іс-жопарлағымен белісті. Қаралы Қантар оқигасынан соң ескінің бәрін Ескі Қазақстанның еншісіне қалдырып, жаңа болашаққа қадам басқан Жаңа Қазақстанның, Екінші Республиканы құруға инеттенген жаңа қоғамды қалыптастыруға бірлесіп атсалысуға шақырды. Себебі, Жаңа Қазақстан, Екінші Республика деп айдар тағылып, бүтін бұқара үмітпен қараған ашық әрі жария қоғамды құруда шығармашылық өкілдерінен тұратын зиялы қауымның көтерер, алып жүрер жүгі оңай емес деп жатты. Жалпы, ғұл бас қосу үлкен маңызға ие болды. Ғұл басқосуды ұйымдастырығандарға да, ұйымдастыруды мақұлдағанға да мың алтыс. Барша әріптестерім сияқты, мен үшін де ғұл көздесудің әсері мол еді.

кешіп келген халқымыз мұнан әрі өтірікке, асыра сілтеу мен мақтауға, шығырынан шыққан сыйбайлас-жемқорлыққа т.б. қорлықтарға тәзбейтінің Қаңтар оқиғасы кезінде ашық айтып, білдірді. «Ұра берсе, қорқақ та батыр болады» дегенге билік те бірінші рет сенді. «Жұннның жінішкеріп, жінішкенің де үзілетіні» болатынын ұқты. Бас сап саяси реформалар жасауға кірісті. Міне, тоғыз ай болды, саяси реформалар ағысы әсте толастамады! Жалғаса да беретін секілді. Мұны кешегі, Қыркүйектің 1 дегі Президент Жолдауынан ұқтық. Әлі бұл айдың 15 болған жоқ, түрлі деңгейдегі саяси партиялардың қоғамдық ұйымдардың қозғалысы басталып кетті. Елдің ойы сан-саққа жүгіріп кетті! Міне, нақ осы кезде әлті, әзірше зиянсыз болса да «Зиялъя» атауына лайыға қоймаған қауымның елі мен жері, жаны мен ары және малы үшін басын бәйгеге тігу тиіс. Қаралы Қаңтардың қанды қырғынын өз мақсаттарына шешпек болған қанды қол қауымның құтұрқы әркетіне, сұрқия саясатына алданып, малдаңып қалмай, бұқара мен биліктің арасына алтын кепір болып, мемлекеттіміздің тұтастығын, еліміздің егемендігін сақтап қалуға халықты жұмылдыратын кез, осы кез. Ол үшін әрине, барлығынызға сабырлы, салмақты әрі салқын қанды болу жарасады. Әйтпесе, Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деп, сабырсыздықтың соңы немен тынатыны баршаға белгілі. Осы ретте, Созақтық Одақ мушелерінің, барша шығармашылық адамдарының бір жағадан бас, бір жеңінен қол шығарып, бұқара халықтың, билік басындағы Президенттің және аудан басшысының үмітін үрлеп, сенімін ақтап, қоғамға қалтқысы қызымет етуіне үлкен мүмкіндік туып отыр. Бір нәрсе анық, тек, қоғамына қызымет еткен буынға ғана қауымның құрметтіне лайық. Әйтпесе, біздің қоғамда бүгінде зиянды лар да зиянсыздар да табылады, алайда, зиялыштарды табу қыннның қыны бол тұр. Ендеше, баршаңызды, алдыңы буын аталар мен ағаларымызды, кейінгі буын жастарымызды еліміз үшін, өніріміз үшін енбек етуге, Президенттіміздің Жолдауына тек сез жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қолдау білдіруге шақырамын! Ардақты Пайғамбарымыз: «Мениң үмметтім жиналса, тек жақсылықтың үстіне жиналады» дегенінде, біздің зиянсыз қауымның жиналым бас қосулары тек әлеуметтік желілерге жазып мақтану үшін емес, Қазақтың, Созақтың жарқын болашағы, Жаңа Қазақстан үшін болуы тиіс!

алғаш аяқ басуы болса да ауданымыздың әкімі Мұхит Тұрысбековтың шығармашылық өкілдерін алғаш қабылдауы емес еді. Олай дейтінім, мұнан алдын да бірінші рет жаңадан ауданымызға басшы болып келгенінде, екінші рет ҚР Журналистер күніне орай аудандық ішкі саясат белімі ұйымдастырыған басқосуларда біздерді, өніріміздегі ақын-жазушылар мен жергілікті «Созақ үні» газетінің меншікіті және штаттан тыстайлыштерін «Зиялы қауым» деп әспеттеп кездесулер өткізген-тін. Мұның өзі мынадай сананы тұрмыс билеген, материалдық мәселелер (турлі әлеуметтік проблемалар) моральдық құндылықтардың алдына шығып кеткен заманда зиялы қауымды ұмытпаған, Жаңа Қазақстанды, ашық қоғамды құратын тұста шығармашылық адамдарының мойнына ерекше жүк, аманат артқысы келген аудан басшысының ірги ни-

рын үш бірдей рет қабылдасын? Оның үстіне лайықты ма лайықсыз ба, әйтеүір әспеттеп «Зиялы Қауым» деп қабылдауын сіңіре алмадым. Олай дейтінім, Қазақ және Араб тілінің маманы ретінде мен «Зиялы» сөзінің асылы мағынасын, шет тілінен аударғандарға ұфымын білемін. Яғни, бұл «Зиялы Қауым» сөзі арабтың «Зия» (Нұр, Шуақ) деген сөзінен шығып келеді. Мысалға, Құн шығып, көюжиеккөтерілген соң толықтай айналасына шуағын шашып, ері жа-рық ері жылу төгеді емес пе? Міне, сол шуақты, сол нұрды арабтар «Зия» деп атайды. Ал осы сөзді көреген халқымыз әу баста қоғамға қалтқысыз қызметін жасаган, елі мен жері үшін жанын да малы мен арын да саудаға салған, басын бәйгеге тіккен, кешегі Алаш арыста-рына айтқан. «Алаш зияльпарат» деген атау да осы жерден көп шығады. Жалпы, мұсылман түркі халықта-



етінен, ізгі амалынан хабар берсе керек-ті. Жалпы, бұл әр екі Одақтың да облыстағы тәрағалары мен шығармашылық өкілдерінің бұл басқосуынан менің газеттегі, одақтағы әріптестерім дер уақытында әлеуметтік желілерде жарыса жазып, өздерінің алған әсерлерімен белісіп жатты. Ал мен бұл мақаланы жазу үшін ұзақ ойландым. Егер, мұны бір жаңағалық ретінде жазайын десем, әріптестерімнің біршамасы жазып, елмен естеліктерімен белісіп қойды. Демек, бұл жерде тек естелік жазумен, алған әсерлеріммен белісүмен болмайтынын ұқтым. Себебі, егер аудан әкімі Мұхит Сексенбайхы бір емес үш рет қатарынан шығармашылық адамдарының басын қосып, оған «Зиялұ қауыммен кездесу» деп айдар тағып жатса, демек, оның астарында үлкен бір магына жатуы тиис мениңше! Әйтпесе, ауданымызға басшы болып келген ұлдың басаяғы тоғыз айдың ішінде, тоқсан сайын шығармашылық өкілдерін қабылдауында бір астар жатуы әбден тиис дүние. Әйткені, осы тоғыз айдың ішінде барлық сала мамандарымен, күллі қоғам өкілдерімен бір реттік қана қабылдау еткізген басшы нeden шығармашылық адамда-

рында, оның ішінде қазақ халқында зиялды қауым әр заманда, әрбір қоғамда болған. Мұны тарих, шежіре кітаптарынан аңғару анша қын емес. Қалай мақстансақ та жарасады.

Бірақ, бұл сөзді бұл заманда, бүгінгі қоғамда қолдануымыз қанша-лықты орынды? Әхріс, кешегі хандары мен билері, батырлары мен бектері, ақындары мен жыраулары, алаштықтар секілді арыстары бар қоғамға бұл айдарды қалай телісек те жарасар еді. Тіпті, кешегі Кеңес заманында тәрбие алған ақын-жазушыларымызға да бұл сөзді ішінара қиоға болады. Неге ішінара? Өйткені, біз де шынайы «Зиялъ Қауым» болса, Желтоқсан жаңғырығы орын алмас, жастарымыз да мұздай жер жастанып, соққыра жығылмас еді. Қайта керісінше, сол тоқсанынышы жылдардың зиялъ қауымы деп, бәлкім сол Қайрат, Сәбира мен Ләzzат секілді елінің егемендігі үшін құрбан болған, айдауға түсіп, арашашы таппаған жастарды айтуға болады. Мен онан беріде зиялъ қауым көрмедім. Керісінше, зиялъ қауым деген шапанды жамылған зиянды қауымды көрдім. Кешегі, Қанды

**Данияр БЕК.**

**Даналығың қасиетің қазынаң,  
Мына менің жүргігімә жазылған.**

Қазақ ауыз әдебиетінен оқып таңысқанымызда ұлы ойшылдардың, әдебиет танушылардың, ақын жыраулардың, шайылардан небір ақыл ойлары, сөз маржандары, ғасырдан-ғасырга өшпей мұра болып келе жатқанын көреміз. Тағылымы мол, адам дүние есігін ашқаннан бастап, ол дүниелік болғанға дейін бүкіл ғұмырында не орын алатындығын, көріп-білмей тұрғын болжай алатын ойшылдарға, таңғалмасқа шараң жоқ.

Япрай, бұл даналық па, әлде құбылыс па дерсің!

Содан болар қазақ ауыз әдебиетін хрестоматиясында, әрбір сөзге, нақылға, жеке-жеке ат қойып, атау белгілегендігі.

Мәселен: Әрбір айттылған сөздің астарында философиялық ой жатқандығы, келешекті болжай айтқандауды –философ деп ат қойса, өрелі ойды қозғай білген, сөз маржаннын төгі білгендерді шешен сөздің зергері деп атамыз.

Ал ақыл- ойы кеменгер, бір ауыз

саған иғ ықпалы – ерекше тоқталуға тұрарлық.

Низамидің қалдырыған ең әдеби ескерткіші-оның «Хамсасы» (Бестігі).

Осы шығармада тенденс тұрарлық парсы тілінде жазылған Қысырау Денхеби мен өзбектің шайыры Әлішер Науай.

Мұнан бұрын Фердоусидің «Шавханамасын» алуға болады.

Тәжік әдебиетінің классигі Рудаки:

*Дана болсан, қатал саған тағдыр да,*

*Бұрқанып қал, аяғыңды шалдырма.*

Жер жүзінің мәдениеті прогрессшіл қауымы таныған, ардақтаған классик ақындары: Рудаки, Фирдоуси, Низами, Омар, Сағди, Хафиз, Жәми, Науай, Физули шығармалары, сонымен қатар Лутфиді де, Бабырлы да, Ахмет Ітігінеки, Насреддин, Рабғузилер.

Парсы жұртының атағы әлемге тараган шайырларының қатарында Шамсуддин Мұхаммед Хафиз ширазидің алатын орны өзгеше.

Сөз маржанын тізген, бірінен-бірі асыра көркемдік шеберлік, кемелдік көрсеткен өлең аспанындағы жұлдыздармен салыстырған да Хафиз бола-



**Мыңжасар АСҚАРҰЛЫ,  
Қазақстан Республикасы-  
ның мәдениет қайраткері.**

Көкбай Жантайұлы–шығыс үлгідегі дастандар мен қазақ тарихына арналған поэмалар тұдырыған жазба ақын болған. Құлыншақ Кемелұлының жыраулық өлеңдері, айтыскерлік нақыштары Көкбайға ұқсайтынын анғаруға болады.

Сол кездегі сараң бай- болыстарды сынаға алып отырған.

Ахмет Байтұрсынов – аса көрнекті ағартушы, ақын, ірі философ ғалым, қазақтың ұлттық тіл білімі мен әдебиеттің тәржімашысы. Саяси қайраткер.

Бұл кіслердің еңбектеріне терең тоқталып отырғаным жоқ, өйткені қазақ жұртына танымал қайраткерлер болған соң.

*Кісіге таза жолды табу қыын,  
Кебіне дос етеді мал мен бұйым.*

Досынан дұшпаныңнан бірдей сактан,

*Басыңда сірә Ахмет болса миын.*

Кешегі отыз жетінші жылдың қиянатын өз туыс-достарынан көріп азап шеккен ұлы ақынның зары еді.

Сұлтанимахмұт Торайғыров- тұған халқын отаршылдықтан құтқаруға үн қосқан ақын. Бұл Баянауылдағы Шон бидің ұрпағы.

Сабит Дөнентайұлы-ұстаз ақын. Бұл заман байқағанға құштінікі, азулы, тырнақты мен тістінікі деп келептін айтулы ақын.

Міржақпіл Дұлати –ақын, ағартушы, ұстаз, жалынды публицист.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты

Жер кемті, дін нашарлап, хал харам бол,

*Қазағым, енді жату жарамасты.*

Сол қазақ әлі ұйқыдан оянар емес, еріншектік пен жалқаулық әлі басым.

Ғұмар Қараш-ақын, ойшыл-философ, ағартушы қайраткер, еңбегі мол ғұлама-ақын.

Мәшінгүл Жұсіп Қөпейхұлы- ақын, дастаныл, тарихи мәтіншіл, шежіреші, педагог, философ, дін танушы.

*Күн сайын өзіңе-өзің жас боласын,*

*Жаслын ғой деп әр істен жасқанасың.*

Піскен астан ішпейсің мезгілінде,

*Мезгіл өтіп кеткен соң аш қаласың,*

- дейтін табиғат танушы.

*«Елге еңбегін сіңірген ер қымбат.*

Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда, қуаныш- қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор яки кішлігінде емес, ел деген жүргігінің таза болуында, ер өмірінің өрі мен көрімен бір болуында – деген екен Магжан.

Біздің айтпағымыз, мына жаһандауы заманында, ақпараттық жүйе бірінші орынға шығып тұрған заманда, бүгінгі ұрпақ қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын ұмыт қалдырымаса екен деген ніет қана.

Адамдықты пір тұтқан, көзқарақты көңілі бай жаңдарды айрықша ардақ тұтам... «Жамандықты қусаң, азап шегесің, жамандыққа жақсылық қылжәңесің» –демекші ең қадірлі іс ұлттық құндылықтарында сақта, мәдениеті мен әдебиетін таны, қалының адал қызмет ету болмақ.

Біз айтып еткен шығыс әдебиетімен сүсүндаған ақындар қатарында сонау Абайдан бастап, Ақмолда, Құлыншақ, Майлы, Маделі, Шәді, Молда Мыса, Нұралы, Жұсілбек, Ақылбек, Шәдітөре, Тұрмамбет секілді көптеген есімдерді айтуда болады.

«Дүние құмарлық женін кездे адамға деген сүйіспеншілік женіледі, ақылға деген сүйіспеншілік жерленеді».

Қоғамның мықты бір тірек-орташа тап аяғынан тік тұра алмай жатуында.

Мәңгілік ел етем десен қазақты,

Өзегеге емес, өзіңе қоїт талапты.

# Қазақ әдебиетінің даму кезеңіне-шығыс ғұламаларының ықпалы

сөзбен сөздің түйінін бере алатындарды шайырлар дейміз. Поэзияның жөні бөлек, оны туындағындарды ақын дейміз.

Кеменгер Гете Шығыс поэзиясы әлемнен жеті ақынды ерекше атайды.

Рудакиден бастап, Фирдоуси, Низами, Омар-хаям, Сағди, Хафиз, Әбдірахман Жәми, Науай, Физули еді дейді.

Сол жетеудің бірі –тәжік-парсының тамаша шайыры Омар Һайям еді.

Оның руբаяттары сегіз жұз жылдан бері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді.

Шындық пен сұлупыққа, парасат пен гибаратқа толы жырлары өлмек емес.

Омар Һайям (1040-1123) жылдары өмір сурғен, әрі ғалым болған.

Ол философ, математик, және астроном ретінде танылған мол мұрасы бар.

Омар бүкіл өмірін ғылымға бағыттаған, түрлі салада жаналықтар ашқан.

Оның руబаяттарының саны уш жүздегі болған.

Әй, Мұфти! Сенен іскер біз бір пенде,

Емеспіз, мас болсақ та, естен кенде.

Сен сорсан, адам қанын, біз гүл қанын,

Айта ғой, қанішер кім-біз бе, сен бе?

Қалай тауып айтқан десенші, Сағди - Өмір деген өлшеулі, Бос жібермей бақ оны.

Шамышырағын сол деп біл, Ғұмырыңың әлемі.

Рас қой ғұмыр пендеге бірақ рет беріледі, оны дұрыс пайдалана біл.

Ахмед Ітігінеки (Югнеки) –әртедегі түркі поэзиясының көрнекті өкілі.

Оның шығармаларына түркі, орыс, өзбек ғалымдары зерттеулер жүргізген.

«Бір дұшпаным аз екен деп ойлама, көп көрмегін мында болса досынды» - деуі ұлттыңнан әдебиет рухында биік жан екенін көрсетеді.

Біз, Шығыс әдебиеті дегендеге, мәдениеті мен дәстүрі қазақ халқына ежелден етene жақын болып келген араб, парсы, түркі әдебиетін еске алаамыз.

Ал осы әдебиетті жасаушы халық Орта Азияны, Кавказды мекендерген.

Бұл ретте тәжік, түркі, иран, өзбек, әзіrbайжан, түркімен т.б. халықтар алдымен аталауды.

Мәселен, Азербайжанның ұлт шайыры Низамидің күллі Таяу, Орта, Шығыс, Орта Азия әдебиетіне жа-

лыбының ата тегін айтып таныстыру оқырманға артық болар,

Жекелеген базбір ақындар туралы еске салып көрейін.

ХХ –ғасырдың орта шені мен XX

–ғасырдың бас кезінде ағартушы, философ, ақын, жыраулар Қазақстанның солтүстік, батыс және орталығынан көбірек шыққанын байқаймыз. Сол кезеңдерде Алтынсарин бастаған, Абай, Мажан мектептерінен

ерте білім алғандығы болса керек. Он сөзінші ғасырдың ортасында өмір сүрген айттықсер ақын Жұмабай Шалбайұлының өлеңдері астарлы, әрі ұтыймды, тапқыр келген.

Сөздері көркем, дүниенің образын көріп жырға қосқан метонимия десек болар.

Кеудемде дауылды өлең ұясы бар, Сендер шыға алмайтын қиясы бар, -деп жырлайды ақын.

Есенжол Қанхазакұлы, Сейдахмет Бейсекұлы, Жұсілбек Айтқожин, Иманжүсін Құтпанұлы бұлардың өлеңдері көне жанры емес «Көсем жаныры». Ал Тұрмагамбет Ізтілеуов, Мұхамедсөлім Кәшімов, Біләл Сүлеев, Әлихан Бекейхан–көрнекті ғалым, публицист, әдебиетші, қоғамдық-саяси мектебін қалыптастырган.

Шәкірім Құдайбергенұлы- қазақ ұлттық әдебиетіне, мәдениетіне ерекше үлес қосқан көрнекті ақын. Әкесі Құдайберді, Абайдың ағасы. Құнанбайдың Құнке атты бәй

